

### Ш. Құрманбайұлы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ КІТАП СЫНЫ (Ә. Бөкейхан рецензия жанрының негізін қалаушы)

Жаңадан басылып шыққан ғылыми, әдеби кітаптар мен ғылыми мақалаларды, жаңа өнер туындыларын мамандардың сарабынан өткізіп рецензия жазу дәстүрі жазба әдеби тілі мен ғылымы өркендеген елдерде ертерек қалыптасқан. Ал қазақ тілінде рецензия жазу ұлт тіліндегі түрлі кітаптар шыға бастаған XX ғасыр басында қолға алынды. Бұл іспен жүйелі түрде айналысып, қазақ тіліндегі оқулық, ғылыми, әдеби кітаптарға алғаш рецензия жазған қазақ зиялысының бірі Әлихан Бөкейхан. Ол ұлт тілінде кітап шығару ісіне, олардың сапасы мен аудармасына ерекше көңіл бөліп, жарық көрген түрлі әдебиеттерге сын пікірлерін үздіксіз жазу арқылы қазақ рецензия жанрының қалыптасуына негіз қалап, бұл істе үлгі көрсетіп, жол салып берген қазақ білімпазы. Мақалада Ә. Бөкейханның рецензия жазудағы мақсаты, оның рецензияларының өзіндік ерекшеліктері жан-жақты сараланып, мұндай шағын көлемді талдау еңбектерінің XX ғасыр басында атқарған рөлі сөз болады. Ол жазған рецензия түрлері мен тілдік өзгешеліктері көрсетіледі.

Қазір рецензия түрлері, олардың стильдік-құрылымдық ерекшеліктері мен оның жеке жанр ретіндегі өзіндік сипаты анықталды. Ғылыми рецензия ғылыми еңбекті сараптаудың, бағалаудың бірден-бір тәсіліне, ал әдеби рецензия әдебиеттің бөлінбес бөлшегіне айналды. Мақалада осы жанрдың қай кезеңнен бастау алып, қалай қалыптасқаны, қазақ кітаптарына алғаш рецензия жазған алаш зиялысының еңбектері туралы бірінші рет арнайы сөз болып отыр. Көп қырлы тұлға, энциклопедиялық білім иесінің мұрасын сала-салаға бөліп зерттеуде оның кітап сынына, алғашқы қазақ кітаптарын рецензиялауға, осы жанрдың орнығуына қосқан үлесін анықтау Әлихантанудың маңызды мәселесі.

**Түйін сөздер:** Әлихан Бөкейхан, рецензия, рецензиялау, ғылыми рецензия, әдеби рецензия, кітап сыны, Әлихантану.

Sh. Kurmanbaiuly

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

### **Alikhan Bukeikhan founder of the genre reviews**

The tradition of reviewing newly published scientific, literary books and scientific articles, new works of art by specialists has developed earlier in countries with a developed written literary language and science. Writing reviews in the Kazakh language began at the beginning of the 20th century, when various books in the national language began to appear. The person, who systematically engaged in this work and wrote the first reviews of textbooks, scientific and literary books in the Kazakh language was one of the Kazakh intellectuals – Alikhan Bokeykhan. He paid special attention to the issue of publishing books in the national language, their quality and translation, continuously wrote reviews of various published literature, laid the foundations for the formation of the Kazakh reviewing genre, set an example and showed the way in this field. The article comprehensively analyzes the goals of A. Bokeykhan when writing reviews, the specifics of his reviews, and also discusses the role of such brief analytical works at the beginning of the 20th century. The types and language differences of the reviews written by him are shown.

Modern types of reviews, their stylistic and structural features and their own character as a separate genre are determined. Scientific review has become the only way to analyze and evaluate scientific work, and literary review has become an integral part of literature. The article specifically mentions the works of the intellectual of Alash, who wrote the first review of Kazakh books, the period of the beginning of this genre and the ways of its formation for the first time. Determining his contribution to book criticism, reviewing the first Kazakh books, the formation of this genre in the study of the heritage of a multifaceted personality, the owner of encyclopedic knowledge, is an important task of Alikhan studies.

**Key words:** Alikhan Bokeykhan, review, scientific review, literary review, book criticism, Alikhan studies.

Ш. Курманбайұлы

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

### Алихан Букейхан – основатель жанра рецензии

Традиция рецензирования вновь изданных научных, литературных книг и научных статей, новых произведений искусства специалистами сложилась ранее в странах с развитым письменным литературным языком и наукой. Написание рецензий на казахском языке началось в начале XX века, когда стали появляться различные книги на национальном языке. Систематически занимавшийся этой работой и написавший первые рецензии на учебники, научные и литературные книги на казахском языке был один из казахских интеллектуалов – Алихан Букейхан. Он уделял особое внимание вопросу издания книг на национальном языке, их качеству и переводу, непрерывно писал рецензии к различной издаваемой литературе, заложил основы формирования жанра казахского рецензирования, подал пример и указал путь в этой работе. В статье всесторонне анализируются цели А. Букейхана при написании рецензий, специфика его рецензий, а также обсуждается роль подобных кратких аналитических работ в начале XX века. Показаны типы и языковые различия написанных им рецензий.

Определены современные виды рецензий, их стилистико-структурные особенности и собственный характер как отдельного жанра. Научная рецензия стала единственным способом анализа и оценки научной работы, а литературная рецензия стала неотъемлемой частью литературы. В статье впервые особо упоминаются работы интеллигента алаша, написавшего первую рецензию на казахские книги, период начала этого жанра и пути его формирования. Определение его вклада в книжную критику, рецензирование первых казахских книг, становление этого жанра в изучении наследия многогранной личности, обладателя энциклопедических знаний, является важной задачей алихановедения.

**Ключевые слова:** Алихан Букейхан, рецензия, рецензирование, научная рецензия, литературная рецензия, книжная критика, алихановедение.

Қай ғылымды алсаңыз да бәрі бізде соны жатыр.  
Сол ғылымның бәріне кітап керек.  
Әлихан Бөкейхан

### Кіріспе

XX ғасыр басында қазақ тілінде жазылған немесе орыс тілінен аударылған көркем, ғылыми-көпшілік, ғылыми, оқулық әдебиеттер жарық көріп, газет-журнал беттерінде түрлі публицистикалық мақалалар жариялана бастады. Осы еңбектерді дер кезінде жұртшылыққа таныстырып, олардың мазмұны мен сапасын, жетістігі мен кемшін тұстарын анықтау қажеттілігі туындады. Бірақ ол кезеңде бізде түрлі әдебиеттерді сараптан өткізу, олар жөнінде сын-пікір жазу дәстүрі қалыптаса қоймаған еді. Қазақ тіліндегі ондай жазба әдебиеттер қорының өзі қалыптаса қоймағандықтан рецензия жанрының болмауы да заңды құбылыс.

Қазаққа қажетті кітаптың, әсіресе ғылыми кітаптардың, пән оқулықтарының тапшылығын, сол олқылықтың орнын толтыру қажеттілігін атап көрсеткен зиялылардың бірі әрі бірегейі алаш көсемі Әлихан Бөкейхан болды. Ол: «Қай ғылымды алсаңыз да бәрі бізде соны жатыр. Сол ғылымның бәріне кітап керек» (Бөкейхан, 1918) деп жазды. Жазып қана қойған жоқ, Ахаңның

«осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» дегеніндей, бұл бағытта ол аянбай еңбек етті, қыруар іс тындырды. Өзі де кітап жазды, орыс тілінен аударды, өзге авторлар еңбектерінің басылып шығуына барынша қолдау көрсетті. Ол кітап құны мен мән-маңызын өте терең пайымдаған және қазаққа қандай кітап керек екенін айтып, олардың сапасына ерекше назар аударған ұлт зиялысы. Сол кезеңде қазақша жазылған еңбектердің жарық көруіне Әлихан Бөкейханның қосқан үлесі мол. Сонымен қоса баспа бетін көрген кітаптарды қазақ жұртына уақтылы таныстырып, насихаттап, олардың жақсы жақтарын атап айтып, кемшін тұстарын түзетуге де ол айрықша көңіл бөлді. Көп қырлы тұлғаның саясаттану, әлеуметтану, экономика, ауылшаруашылығы, статистика сияқты салаларға қатысты жазған еңбектері сол сала мамандары тарапынан зерттеле бастады. Олардан бөлек ғалымның қазақша шыққан кітаптарға жазған рецензиялары (өз сөзімен айтқанда *сындары, сыншалары* – Ш.Қ.) өзі бір төбе. Осы уақытқа дейін арнайы сөз бола қоймағандықтан оларды жеке бөліп алып, арнайы зерттеу қажет деп санаймыз. Өйткені кітап сыны алаш білімпазының айрықша мән беріп, назарынан тыс қалдырмай үнемі қадағалап, өте маңызды санаған істің бірі. Ол баспа бетін көрген қазақша кітаптардың мазмұны мен тіліне,

тәрбиелік мәні мен ұлтқа берер пайдасына, аудармалардың сапасына үнемі көңіл бөліп, арнайы сөз етіп отырған. Сондықтан қайраткер тұлға шығармашылығының мұндай маңызды қырын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Ә. Бөкейхан жаңадан жарық көріп жатқан қазақ кітаптарын қалың бұқараға дер кезінде таныстырып, сын тезінен өткізіп отыру арқылы олардың сапасын арттыруды ол өзіне міндет санады. Алаш білімпазы ғылым-білімі, көркем әдебиеті жақсы дамыған, баспа ісі, кітап шығару жұмысы жолға қойылған Еуропа жұрттарындағыдай ғылым, әдебиет пен өнер салаларындағы жаңа туындылар туралы рецензия жазу дәстүрін қазақ арасына да таратуды, кәсіби пікір білдіру мәдениетін қалыптастыруды мақсат етті. Қарымды қалам иесінің соңында қалдырған әдеби, ғылыми мұрасы оның XX ғасыр басында шығармашылықпен айналысқан алаш оқығандарының ішінен бұл істі алғаш қолға алып, арнайы айналысқан ұлт зиялысы екенін көрсетіп отыр. Өткен жүзжылдық басында қазақ тілінде жарық көрген үлкенді-кішілі көптеген еңбекке жүйелі түрде сын-пікір жазып, оларды мерзімді басылымдарды үздіксіз жариялап отыру арқылы Ә. Бөкейхан қазақ топырағында осы жанрдың пайда болуына көп еңбек сіңіріп, негіз қалаған. Әлихантануда қазақ білімпазының бұл бағыттағы еңбектері туралы сөз болмай, елеусіз қалып келеді. Сондықтан осы мақалада Ә. Бөкейханның кітап сыны бойынша жазған еңбектері, рецензиялары жөнінде арнайы сөз болады.

### Әдебиеттерге шолу

Жалпы рецензия жанры, оның ғылыми рецензия, әдеби рецензия сияқты түрлеріне бізде көп мән беріліп, арнайы зерттеліне қоймаған. Сондықтан бұл мәселеде шетелдік ғалымдар зерттеулеріне көбірек жүгінуге тура келді. Рецензия талдамалық журналистиканың, әдеби сынның шағын жанры ретінде қарастырылып келеді. Т. Кәкішев, Д. Ысқақұлы, М.Б. Шындалиева сияқты әдебиетші ғалымдар еңбектерінде де осы тұрғыдан сөз болады. Ал кеңірек алып қарағанда жаңа туындыларға рецензия жазу бұл ғылым, технология мен өнер салаларының дамуы үшін де аса маңызды.

Рецензия – «тексеру, қарау, зерттеу» деген мағынаны білдіретін латынның *recensio* сөзі негізінде пайда болған термин. Ал бұл терминмен белгіленіп тұрған ұғымның анықтамасына келсек, рецензия дегеніміз – қандай да бір ғылыми немесе көркем туындыны, спектаклді, кино-

фильмді және т.б. сыни тұрғыдан талдау мақсатымен жазылатын мақала (Словарь иностранных слов, 1982: 434).

Яғни рецензия бұл кәсіби маманның өз саласы бойынша жарық көрген еңбек, өнер туындысы туралы жазған пікірі. Ол жалпылама немесе жай ғана айтыла салған пікір емес, рецензия бұл – кәсіби талдау негізінде айқын да дәлелді түрде жазылатын сыни пікір. Алаш оқығандары кітапқа қатысты рецензияларды «кітап сыны» деген айдармен жариялап отырды. Бұдан олардың рецензия табиғатын тап басып танығаны көрінеді. Негізі осы айдар аясында жаңа кітаптар туралы ең көп сын мақала жариялаған, тұрақты автор – Әлихан Бөкейхан. Оның 15 томдық шығармалар жинағында «кітап сыны» және «әдеби сын» айдарымен жазылған үлкенді-кішілі 18 мақаласы енген. Бір автор үшін бұл аз емес. Қайраткер ғалым мұрасы әлі түгенделіп, еңбектерінің толық жинағы жарық көрсе олардың қатары тағы да толығырақ түсуі мүмкін.

Қазіргі уақытта рецензияны журналистиканың талдамалық жанры деп танитын зерттеушілер де бар. Мәселен, А. Тертычный соңғы жиырма жыл көлемінде бірнеше басылымы жарияланған «Жанры периодической печати» (Тертычный, 2017: 4) деп аталатын оқу құралында оны журналистика аясында қарастырады.

Біздіңше, рецензияны тек журналистика шеңберімен шектеуге келмейді. Көркем шығарма, ғылыми еңбек, техника мен өнер туындылары туралы да рецензиялар жазылады. Ал ондай рецензияларды журналист емес, негізінен сол саланың кәсіби мамандары жазады. Олардың баяндау мәнері мен стилінде де елеулі өзгешеліктер бар. Ал салалық журналистика дамымаған елдерде журналистің биотехнология мен микробиология, антропология мен макроэкономика салалары бойынша немесе театр мен кескіндеме өнерінің туындылары туралы талдап-таразылап рецензия жазуы өте қиын.

Әдебиет пен театрды, киноны айтпағанда рецензия жазу ғылым саласында өте кең тараған. Тіпті рецензияны ғылымның, ғылыми мәтіннің аса бір өзекті, негізгі тармағы деп тануға болады. Ғылыми рецензия монографиялар мен диссертацияларды, ғылыми мақалалар мен диплом жұмыстарын талдап, таныту, оларға баға беру мақсатында жазылады. Әдетте ондай пікірлерді мамандар ғана жазады.

Сонымен қатар ғылыми рецензиялар көпшілікке арналған мерзімді баспасөз беттерінде емес, негізінен академиялық басылымдарда – салалық ғылыми журналдарда жарияланады.

Оларды сол саланың кәсіби мамандары оқиды. Сондықтан ғылыми рецензияны әдетте ғылыми еңбектің шағын моделі және оған сала маманының берген бағасы деп таниды. Ғылымның түрлі салалары бойынша шығатын ғылыми журналдардың көбеюіне байланысты ғылыми мақалаларды ішкі-сыртқы немесе ашық-жабық сараптаудан өткізіп рецензиялау – олардың сапасын анықтаудың бірден-бір жолы болып отыр. Жалпы қазіргі уақытта сараптама жасау, ғылыми рецензиялау ғылыми жұмыс сапасын анықтау мен оны жариялаудың негізгі тетігіне айналды. Ғылыми журналдар рецензияларының көбі жарияланбайды. Ғылыми журналда жарық көрген ғылыми мақала – ғылыми ақпараттың көзі әрі ғылыми коммуникация құралы болғандықтан онда қол жеткен нәтижелер немесе белгілі идеялар мен деректерді жаңаша қорыту көрініс табуға тиіс. Сондықтан мақалада теориялық, әдістемелік мәселелердің шешімі немесе теориялық, тәжірибелік зерттеулердің айрықша нәтижелері ұсынылғанын растау рецензенттің міндеті (Михайленко, 2017: 137).

Көріп отырғанымыздай, рецензия ғылыми жұмыстың сапасын анықтайтын, онда жаңа нәтиженің бар-жоғын көрсететін талдамалық мақала. Ал рецензент сол бағаны беруге құзыреті, білім-білігі жететін жоғары дәрежелі маман. Диссертация қорғау мен ғылыми монографияларды жариялауда да рецензент маңызды тұлға болып, рецензиялау шешуші рөл атқарады. Осыларды ескерсек, рецензияны журналистикаға ғана телімей, оны одан гөрі ауқымы кеңдеу жанр ретінде тануға тура келеді.

Қазіргі ғылыми ортада рецензияға қойылатын талап та, оның түрлері де, рецензенттің орны, рөлі мен атқаратын міндеті де белгілі. Ал XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында олай емес еді. Сондай уақытта түрлі сала бойынша қазақ тілінде жарық көріп жатқан еңбектерді сараптан өткізіп, олардың сапасын анықтауды міндетіне алу үлкен жауапкершілік еді. Ә.Бөкейхан сондай жауапкершілікті арқалап, жауапты істі қолға ала отырып, осы міндетін абыроймен, кәсіби біліктілікпен атқара білді. Ол ұлт тілінде жарық көрген еңбектерге кәсіби тұрғыдан баға беру, оның сапасын анықтау, жетістігі мен кемшілігін атап көрсету қажет екенін терең түсінгендіктен, мәселенің мәнін білгендіктен осы іспен айналысты. Сөйте отырып ол өзінің бастамасы, өзі жазған көптеген рецензиялары арқылы қазақ топырағында да рецензия жанрының, рецензиялау дәстүрінің қалыптасуына жол ашты, жөн көрсетті, негіз қалады. Иә, ол кезеңде бізде қазіргідей ре-

цензия түрлері бір-бірінен айқын ажыратылып, оның жазылу үлгісі, формасы мен стилі қалыптаса қоймаған болатын. Сондықтан Ә. Бөкейхан рецензияларына бүгінгі күн тұрғысынан талап қойған дұрыс болмайды. Соған қарамастан оның қаламынан туындаған рецензиялары өз уақытының озық үлгісі болуымен қатар, қазір де құнын жоймаған, рецензияның негізгі талаптарын орындаған еңбектер.

Рецензия жарыққа шыққан еңбек туралы ақпарат беру, сол еңбекті кәсіби тұрғыдан талдау және жаңа туындының таралу аумағын кеңейту арқылы алыс-жақындағы мамандардың өзара байланысын, қарым-қатынасын қалыптастыру, нығайту мақсатымен жазылады.

Қазір ақпараттық технология жақсы дамыған, коммуникация, жедел хабар алмасу мүмкіндігі мол заман. XX ғасыр басында мұндай зор мүмкіндіктер бола қоймады. IT-ді айтпағанда телевидение де пайда бола қойған жоқ еді. Жұртқа ақпарат таратудың сол заманғы ең озық құралы – газет-журнал болды. Қазақ арасына ақпарат жеткізетін алғашқы газет-журналдар енді-енді пайда болып, тарай бастаған кезең еді. Ә. Бөкейхан осы мүмкіндікті пайдаланып, қазақ тілінде жаңадан жазылып немесе орыс тілінен аударылып баспадан шығып жатқан ғылыми, әдеби, саяси әдебиеттерді қазақ сахарасына кеңінен таныстырып отырды. Яғни ол ең алдымен, жарыққа шыққан еңбектің аты, авторы, қай салаға арналғандығы, мазмұны мен көлемі, таралымы, бағасы туралы ақпарат берді. Екіншіден, кітап мазмұнын, стилі мен аударылу сапасын, терминдер қолданысын сараптап, еңбектің жетістігі мен кемшіліктерін талдап көрсетті. Үшіншіден, осы еңбектерді ұлт зиялылары, қазақ оқығандары, мұғалімдер мен жалпы көпшілік қауым пайдалану арқылы ғылыми, әдеби ортаның қалыптасып, олардың өзара кәсіби қарым-қатынас жасауына жол сілтеді.

Рецензия кітап, шағын кітапша, спектакль, кинофильм, телебағдарлама, туралы жазылуы мүмкін. Ал біз қарастырып отырған Ә. Бөкейхан рецензиялары негізінен өткен ғасыр басында баспа бетін көрген қазақша кітаптар мен шағын кітапшалар туралы жазылды. Сол мерзімде жарияланған еңбектерге рецензия жазған өзге де қазақ оқығандары болды. Алайда Әлихандай жүйелі түрде бұл іспен айналысқаны кемде-кем. Қыр баласының жазған рецензиялары саны жағынан да мол, сапасы жағынан да рецензияға қойылатын талаптарға сай жазылғандығымен ерекшеленді. Оның бұл іске айрықша мән бергені баспа бетін көрген көптеген еңбекке үздік-



сіз түрде рецензия жазып отырғанынан анық көрінеді.

Әлихан Бөкейхан және Алаш қайраткерлерінің мұрасын тілдік, әдеби тұрғыдан зерттеу еңбектері тек қазақ, түрік, орыс тілдерінде ғана емес соңғы жылдары ағылшын тілінде де жазылып келеді. Әсіресе Скопус, Эльсевиер, Томсон рейтер секілді әлемдік ғылыми базаларда және отандық ғылыми басылымдарда Бөкейханға қатысты ағылшын тіліндегі мақалалар жиі ұшырасады. Солардың ішінде Kazakh intelligentsia's struggle for independence in the early XXth Century (Kumganbayev, 2013), Alikhan Bukeikhanov – The Idea of National Statehood (Khassanayeva, 2022), The Alash Party: Historiography of the Movement (Saktaganova, 2020), The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts (Auanasova, 2021), The Role of Alikhan Bukeikhan's Journalistic Activity in Publicism of Alash (Sailaukyzy, 2016), Alikhan Bukeikhan and the Development of The Ethnic Identity of the Kazakhs (Sarmanova, 2022 ) т.б. зерттеулер бар.

### Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында Әлихан Бөкейханның 15 томдық шығармалар жинағы, аударма еңбектері, түпнұсқа қолжазбалары, әлихантанушылар мен рецензия жанрының қалыптасу тарихын зерттеуші ғалымдардың монографиялары мен мақалалары, XX ғасыр басындағы көркем аудармалар, алғашқы қазақ кітаптарына жазылған алаш зиялыларының сын пікірлері, тарихи деректер, пайдаланылды. Жұмыста салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу, салыстыру, талдау, сипаттау, қорытындылау әдістері қолданылды. Негізгі зерттеу материалы ретінде алғаш баспа бетін көрген қазақтың төл әдебиеттері мен орыс тілінен аударылған кітаптар туралы Ә.Бөкейхан жазған жиырма шақты рецензия талданды.

### Нәтижелер мен талқылау

Әлиханның айрықша назар аударып, үлкен мән беріп отырған мәселесінің бірі – қазақ тілінде жарық көрген кітаптардың сапасы. Ол бұл іске арнайы тоқталып, қазақ тілінде шыққан әр кітаптың мазмұны мен тіліне, сауаттылығына, аударылу сапасына үнемі көңіл бөліп отырды. Алаш оқымыстысының соңына қалдырған мұрасына мұқият үңілер болсақ, оның ұлт тілінде кітап бастыру ісінің басынан дұрыс жолға қойы-

луына айрықша назар аударғанын көруге болады. Кітап – білім мен тәрбие көзі. Осыны жақсы түсінген ұлт көсемінің XX ғасыр басында қазақ тілінде кітап бастыру ісі қолға алынып жатқан кезеңде халқының болашағы үшін аса маңызды шаруаға ерекше көңіл бөлуі де кездейсоқтық емес. Оған қыр баласы жазған сын-пікірлерге зер салып, талдау жасау арқылы көз жеткізуге болады.

Мәселен, сын-пікір айтушының 1924 жылы Ташкенттегі «Түркістан» баспасынан басылып шыққан зоология докторы, профессор Ю. Вагнердің *Су туралы әңгімелерінің* (Рассказы о воде) аудармасы туралы жазғандары оның сөз қисынына, ойды жүйелі жеткізуге, қазақша мәтіннің қазақ оқырманына түсінікті болуына зор мән беретінін көрсетеді.

Ю. Вагнердің қазақша аудармасына көңілі толмаған қыр баласы кітаптың кемшіліктерін нақты көрсетіп береді. Ол алғашқы сөйлемінен бастап-ақ аударма мәтініндегі кемшіліктерді, аудармашының ұстанымы мен келтірген мысалдарын, логикалық тұрғыдан қисынсыз құрылған сөйлемдерін атап-атап көрсетіп, сын тезіне салады. Рецензияның бірінші сөйлемі былай басталады: «Бұл кітапша да қазақ тіліне аударуға ең оңай кітапшаның бірі. Кітапшада жазылған білім жемістері адасқанға айдай керек. Бірақ қазақшаның жібі – түзу емес. Жақсы жазылған жері таздың шашындай аз» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 129).

Кітап аудармасының нашар екенін айта келіп, сыншы: «...Қазақша жазу «яғни», «бәлі», «егерде»-мен жетеленген», дейді. Мұнда ол әдетте сөйлем басында қолданылатын *яғни (то есть), егер (если) және «бәлі»* сияқты қыстырма сөздерді қолданудың орынсыз екенін айтып отыр. Оның орыс сөйлемін дәл орыс тіліндегідей сөзбе-сөз аударуға қарсы екені осы жазғандарынан да анық байқалады. Ә. Бөкейхан сын-пікірінде: «Бірақ қазақшаның жібі – түзу емес. Жақсы жазылған жері таздың шашындай аз» – деп жазады. Ғылыми, оқулық әдебиетке жазып отырған рецензиясында ол «жібі түзу емес» тұрақты сөз тіркесі мен «таздың шашындай аз» сияқты теңеуді қолданады. Мұны да оның және ғылым тілінің сол XX ғасыр басындағы қалыптасу кезіне тән тілдік ерекшелік десек болады.

Одан әрі сын айтушы былай деп жазады: «Тау басында ақ маралдай керіліп жатқан қар», «Өзенде дөңгелек тас», «Әуе айна сияқты зат, ол арқылы көруге болады», «Дюмге» деп жазушы келеді.

Ақ марал бар ма? Қар керіле ме? Өзен суы малталанған тас малтадай домалақ оны дөңге-

лек деп бола ма? Әуенің неменесі айна сияқты? Дюмді қай қазақ біледі? «Дюйм – кездің 28 бөлігінің бірі» деп өте шықса, қалам қажы ма? «Мұздай тұзды өзендер біздің Кавказда да бар» деп жазушы келеді. Кавказ қашан сіздікі еді? Мұндай мұзды өзен Алтай, Алай, Тарбағатайда жоқ па еді?» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 129).

Қыр баласының бұл сөздері қосымша түсініктемені қажет етпейді. Көріп отырғанымыздай мұнда ол аудармашының сәтсіз алынған теңеулері мен «дюйм» өлшемінің мағынасын қазақ тынымына сай ашып түсіндірмегенін және өз еліміздің жер-су атауларын мысалға келтірмегенін сынға алады. Мұнда да сын айтушы кітапта қолданылған әр терминнің қазақ оқырманына ұғынықты, жер-су атауларының қазаққа жат болмауын айтып отыр.

«Суықтан шыққан мұз таулар теңізге жетіп, сол бойында толқын астына сүңгіп кетеді» деп жазушы келеді. Мұз – судан жеңіл, мұны өзі де жазып отыр. Мұздың су бетінде жүзіп жүргенін көрмеген адамның көзі шықсын. Енді бұл мұз суда қалай сүңгиді? Сүңгиді дегені – адасқаны. ...Мұзды тас байлап, суға салмаса, өзі сүңгімейді» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 131).

Қыр баласының бұл сөздеріне түсініктеме беру артық. Одан әрі: «Мұнан кейін салқын су желге айналады» деп, жазушы келеді. Мұнысы буға айналады ғой» – деп жалғасып кете береді. Қыр баласы осы сын-пікірінде аудармашының бұдан өзге де бірқатар кемшілігін атап көрсетіп, қателерін өзіне тән дәлдікпен қадап-қадап көрсетеді. Дәлелдері бұлтартпайды. Сөзі нық, айтқан әр сөзі білімге, ғылымға негізделген әрі жүйелі.

Осы сын пікірінде Қыр баласы: «Бұл таскендір өзі оңай табыла қоймайды. Осы қасиетінің арқасында таскендір теңіздегі соғыс кемелерінде, темір жолдың көшін жетелеп сүйреген отарбада, машиналардың өрттен қауіпті жерлерінде тұрман болып ұсталады» (Бөкейхан Ә. 12-т., 2016: 131). деп жазады.

«Таскендір» сөзін білімпаз «асбест» сөзінің қазақшасы ретінде қолданып, оның өзіндік қасиеттерін де атап көрсетеді. Тағы бір ерекше назар аударатын нәрсе: ол қазіргі тілде негізінен тек «ер-тұрман» қос сөзінің құрамында ғана кездесетін екінші сыңары «тұрман» сөзін термин ретінде қос сөз құрамынан бөліп алып қолданады. Өте ұтымды қолданыс. («Приспособление» (деталь) сөзінің баламасы ретінде қолданған сыңайлы – Ш.Қ.). Түркі тілдеріндегі қолданыстарынан *тұрман* тұлғасының о баста «әбзел, жабдық» мағынасындағы сөз болғандығы аңғарылады, мысалы: қырғыз тілінде *турман* «әбзел,

жабдық»: *боз үйдүн турманы* «киіз үйдің керегесі» (Юдахин, 1985: 270).

Қыр баласының мына пікірі де ерекше: «Біздің Ресейде мұндай (басы бұлақтан шыққан) өзендер аз (47-бет) деп Вагнер мен қазақ жазушысы жазады. Аз болса, бұлақтан шыққан өзен іздесең, Сарыарқаға жүр! Тарбағатайда Мұзтауынан қар астынан шыққан өзендерден басқа, Сарыарқаның бар өзені бұлақ болып басталады. 46-50-беттерде Вагнер де, біздің қазақ жазушысы да Қырымда Салғыр өзенін, мұның басы бұлақ болып шыққан Шатырдағды (Шатыртау ғой!) ерінбей-ақ жазыпты. Екеуінің де сонда іздегені – бұлақ. Ондай өзен, ондай тау, ондай бұлақ қазақ жерінде жоқ па еді? Өзеннің басын – бұлақты, ол бұлақ аққан таудың басын қазақ Қырымнан іздей ме? Қазаққа түсінікті, қазақ кітап жазғанда осылай жаза ма екен?» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 130).

Рецензент қазақ баласына арналған кітаптағы бұлақ-өзен атауларының өзге ел жерінен алынғанын өрескел қате санайды. Кітап аударушысына: «Алаш баласына алдымен өз жерін, өзінің өзен-суларын неге таныстырмайсың?» – деп мін тағады. Мұнда кітаптың елтану, өлке-тану тұрғысынан қарағандағы кемшін тұстары көтеріледі. Кітап мазмұны елі мен жерін сүйетін отаншыл ұл-қыз тәрбиелеуге қызмет ету керектігіне алаш білімпазы ерекше тоқталып отыр. Оның осы жазғандарынан өз елі мен жеріне деген айрықша құрметі мен сүйіспеншілігі анық аңғарылады. Қазақ аудармашы «Вагнерге мұрнын тесіп, көшке тіркелген тайлақтай» еріп кеткен дейді Қыр баласы. Сөз соңына қарай сыншы: «Қазаққа бүйтіп кітап жазғанның мәні аз ғой» – дей келіп, сөзін: «Сыншам ұлғайып кетіп, кітапшаның бәрін де тексеруден тиылдым. Орыстың кітабын қазақшалағанда, білімін, дәлел-әдісін бөктеріп, қанжығаға байлап, қараңғы қазаққа апарып берем деп, кітапшаның басына тымақты кигізіп, кісені беліне буындырып, қазақтың қылыш құлан жалына мінгізіп әкеткен оң болады. Қазақшалаған кітаптарды сынағанда мен осы жолмен сынамаймын» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 131), деп сөзін аяқтайды. Өзі «Вагнерге көшке тіркелген тайлақтай» еріп кеткен деп, атап көрсетіп отырғандай орысшаға еріп кетпеу, сөзбе-сөз аудармаға бармау оның аударма кітаптарға қоятын басты талабы. Бұл – ұлт зиялысының ешқашан ауытқымай, өзге арнаға бұрылмай ұстанатын негізгі ұстанымдарының бірі.

Абдолла Байтасұлы аударған профессор Ю. Вагнердің тағы бір еңбегі «Жануарлар туралы әңгімелер» атты 1924 жылы Ташкентте басылған кітабы. Бұл да аса көлемді еңбек емес, 126

беттен тұратын шағын кітап. Әлихан Бөкейхан бұл кітапқа былай деп пікір жазады: «Абдолла жолдас орыс кітабын қазақшалауға шебер. Кітаптың қазақшасы хат білетін қазаққа түсінікті. Бұл кітапша мектепте, мұғалімде болғаны оң. Мұны оқып алған мұғалім балаларға сабақ берсе, құрал болады. Орыс тілін білмейтін жастар бұл кітапты оқымаса болмайды. Өзгеріс, құбылыс жолынан тысқары осы күні білім жоқ. Бұл жолды сүндет ат қылып мінбеген білім жолына түспейді» деп, кітаптың мазмұнды құрал екендігі мен аудармашының шеберлігін де атап көрсетеді. Сонымен қатар рецензент аудармашының кейбір сөз қолданысына қатысты сыни пікірлерін де айтады.

Қыр баласы: «Абдолла жолдастың адасқан жерлері мынадай: Абдолла «шар», «шар» деп келеді (28-34 беттер). «Мысал үшін» дейді» (27 бет) – бұл орыстың «для примера»-сы ғой! Бұл қаламның тас басып, тасырқағанына куә! Мұнан жазушы қазақ құтылу керек. «Яғни», «яки», «егер» дейді. Бұлар жазылған бет толып жатыр. Мұнда теріп те керек емес. Қазақ *яғни*, *яки*, *егер* деп сөйлей ме? Бұ да сөзге олақтықтың, қаламның шабандығының қамшы тілегені ғой. Жазушы қазаққа «бұл құрал емес резеңке доп сықылды» (29-бет) дейді, «үрген қуық» десе қайтеді!? 37-беттегі кеңірдекті «труба» деп, суретте өзі «кеңірдек» дейді. «Труба» деп бекер-ақ жазылған ғой!» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 126) – деп пікірін түйіндейді. Келтірген мысалдары да нақты, айтар ойы да айқын. Сын иесі аудармашыны «орыс кітабын қазақшалауға шебер» дей келіп, дегенмен аудару кезінде орыс тілінің жетегінде кетпей (орысша «для примера»-ны «мысал үшін» деп калькаламай), қазақша жатық жазу қажеттігін ескертеді. Бұл сын-пікірінде ол «шар», «труба» тәрізді сөздерді аудармай алудың дұрыс еместігін айтады.

Қыр баласы сын пікірін жазған еңбектің бірі профессор Ю. Вагнердің «Әуе туралы әңгіме» деген атпен аударылған шағын еңбегі. Бұл кітап 1924 жылы Ташкентте басылған. Аударған: Қ.М. Смайылұлы. Көлемі – 77 бет.

Рецензент аудармашының түпнұсқадағы көптеген мысалдарды қазақ ұғымына, қазақ танымына сәйкес мысалдармен алмастырмағанын сынайды. Мәселен, аудармашының «Әркім көрсе керек: бөтелкедегі Сельтер суының (зельтерская вода) тығынын алғанда бір түрлі газ шығатынын» (10-бет) деп жазушы келді» деген сөйлеміне қатысты мынадай пікір айтады: «Қай қазақ мұны көріп еді? Ол суды орысша қаріппен жазғанда қай қазаққа ұғымды болып кетті?

Саумал, биенің сүті – қымыз, ешкіні сауса – бұлар бәрі көпірмей ме? Бұлардан да қышқылтым шықпай ма екен?».

Ә. Бөкейхан қашанда қазақша жазылған нәрсенің бәрі қазаққа түсінікті, қазақ ұғымына сай болуға тиіс деген ұстанымынан ауытқымаған. Мына еңбекке қатысты да сол талапты қойған. Аударма мәтіндегі келесі сөйлемге қатысты айтқан пікірі де айқын әрі қисынды. «Әуеден суық нәрсе істеп, ол нәрсені көгілдір түсті қатты нәрсеге айналдырып болады» (71-бет) – деп жазушы келеді. «Су қатып мұз болады» десе болмайтын ба еді? Қатқан әуе бірден өзі де көгілдір емес пе?» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 127).

Аудармашының шұбалаңқылыққа жол беріп, артық сөз қолданғанын өте дұрыс көрсетіп отыр. Сөйлемді сөзбе-сөз аудармай, оның қысқа түсінігін берсе жеткілікті екенін меңзеп тұр. Рецензенттің сыны орынды айтылған. Ойы да анық, түзетуі де көңілге қонады. Сөзінің сонын ол «Сондықтан, менің қарауымша, бұл әдемі аударылмаған кітап» деп аяқтайды.

Шығармашылық бәсекелестіктің алғаусыз болып, ғылыми еңбектер сапасы артуы үшін әділ рецензия жазу, жазылған еңбекті шынайы бағалау өте маңызды. Бұл – ғылыми әдеп, ғылыми мәдениет көрсеткіші. Бұл тұрғыдан қарағанда Әлихан Бөкейханды, жалпы алаш зиялыларын бүгінгі шығармашыл ортаға, ғылыми қауымға үлгі етуге болады. Дәл осы мәселеде олар көңіл-жықпастыққа, жалпақшешейлікке, көзжұмбайлыққа бармаған. Ал қазіргі уақытта көп жағдайда ғылыми еңбекті, көркем туындыны әділ бағалау, олардың кемшіліктерін ашып көрсетіп, жетістігін жете тану, асыл мен жасықты ажыратып беру деңгейі жоғары емес десек, артық айтқандық болмайды. Өте сапалы жазылған еңбектерді елемей, көре тұра көрмеген болу немесе ортақол дүниелерді көтермелеп, негізсіз дәріптеу, сапалы мен сапасыз еңбектерді теңестіру жиі көрініс беретін жағымсыз үрдіске айналып барады. Өз ісіне адал, білікті мамандар, ғалымдар мен қаламгерлер жоқ деуден аулақпыз. Дегенмен шығармашылық қауымдастық өкілдері біреудің беделі мен көңілі үшін, басқа да жеке бас мүддесі үшін оның қаламынан туған еңбегін көтермелеп, асыра бағалап рецензия жаза салу немесе жазғанын оқымай-ақ дайын «пікірлерге» қол қойып беру жаппай белең алған құбылыс. Мұндай жағымсыз да жауапсыз әрекеттер ғылыми кадрлар мен көркем шығарма жазушылардың, жалпы шығармашылық қауымның жауапкершілігінің төмендеуіне тікелей әсер етері сөзсіз. Осындай жағдайда сапа жайында, шығармашылықтағы

адалдық туралы сөз қозғаудың өзі қиын. Ал осыдан бір ғасыр бұрын қолына қалам алған қазақ зиялысы Әлихан Бөкейхан ондай жауапсыздыққа жол бермей, пікірін батыл да ашық айтып, ұсыныс-тұжырымдарын дәлелді түрде жеткізіп отыр. Бұл да сабақ алатын, қалам ұстаған қауымға өнеге болатын іс.

Алаш көсемі пікір жазған кітаптың бірі – 1924 жылы Ташкентте жарық көрген «Жердің жаратылысы жайында әңгімелер» атты еңбек. Бұл кітаптың көлемі – 92 бет. Түркістан мемлекеттік баспасы басқан. Қазақшаға аударған Әуезұлы Мұқтар.

«Қазақшаға аударған жолдас орысқа еріп кетіп, Қырымда Аютазды жазған (12 бет). Бұл арада Алтай, Алай, Тарбағатай оқушы қазаққа әсер беретін, ұғымды болар еді. «Қара тастың ұрығы, қиыршығы» деп жазушы келеді (14-бет). Ұрық өсімдікте ғой, ұрық өсіп-өледі ғой. «Сұлу да (?) ұрықтары жоғалады» деп жазушы келеді (16-бет). «Тозған сұлу («сұлы» болса керек – Ш.Қ.) да диірменге тартқан тарыдай тозаң, қиыршық болады» десе қайтеді? 52-бетте «Ізбес» деп жазушы (жазыпты). «Ізбесті» біздің қазақ «тас кендір» дейді. Избестен гөрі «тас кендір» қазаққа ұғымды емес пе? 54-бетте «тастанған балық» деген. Міне, бұл орнына келген сүйкімді сөз.

Жолдас Мұқтар орыс кітабын қазақшалауға мерген, жазуы артықша қазақша, қазаққа ұғымды. Бұл кітапты хат білетін қазақ, мұғалім, шәкірт мұқтасар етіп оқымасқа болмайды. Бұл кітапты оқыған адамның көзі ашылады, білім соқпағына түседі. Ақылы, зейіні май асаған ауыздай қарық болады» (Бөкейхан, 11-т., 2016: 464).

Сын иесі өзінің жоғарыда көрсетілген кейбір ұсыныс, ескертпелерін айта келіп, жалпы алғанда Мұқтар Әуезов аудармасы туралы «жазуы артықша қазақша», «қазаққа ұғымды», «бұл кітапты хат білетін қазақ, мұғалім, шәкірт мұқтасар етіп оқымасқа болмайды» деп өте жоғары бағалайды. Бұл кітапты мұқтасар етіп оқу керек дейді. Мұқтасар – шарифат ережелері жазылған құраннан кейінгі діни кітап. Қыр баласы жұрт бұл еңбекті қасиетті кітаптай қолдан тастамай, мұқият оқығаны дұрыс дегенге меңзейді.

Ә. Бөкейхан сын-пікір жазған кітаптың бірі 1925 жылы Орынборда баспа бетін көрген Н.Островскаяның «Еңбекшілерге кооперация не үшін керек?» деген шағын кітапшасы. Бұл кітапшаны қазақшаға аударған Сапа Жүсіпұлы.

Пікір білдіруші бұл кітаптың аудармасын да жоғары бағалайды. Ол сөзін бастағаннан-ақ аударманың артықшылықтарын атап көрсетеді: «Осы кітап – орыс тілінен аударылған кітаптар-

дың ең жақсыларының бірі. Кітап қазаққа түсінікті тілмен жазылған. Орыс кітабына қазақ тымағы киілген» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 192) – дейді. Аударма еңбектерге «қазақ тымағын» кигізудің Әлихан үшін қаншалықты маңызды екенін осы жазғанынан да көруге болады.

Одан әрі Қыр баласы кітаптағы кейбір терминдердің, сөздердің қолданысы мен аудармасына қатысты өз пікір-ұсыныстарын айтады. Мәселен, былай деп жазады: «Тауар сатып алады» (5-інші бет), – депті. Тауар – орыстың сөзі. Орыс, онда да орыстың қалада өскендері «тауар, тауар» деп келеді. Қазақ пұл сатып алады, малын «пұл» дейді. Пара жегіш... пұлға сатылады. Қала жатағы пұл сатып байиды». Ә. Бөкейхан «тауар» сөзін орыстікі деп айтқанына қарағанда оның түбі түркі төл сөз екенін білмеген болса керек. Мәселен, Ф. Миклошич, Ф. Корш, М. Фасмер секілді славянист ғалымдар орыс тіліндегі «товар» сөзі де көне түркі тілінен алынған деген тұжырымға келеді (Севортян, 1980: 117).

Аудармашының сөз қолданысындағы бірқатар кемшіліктер де атап көрсетіледі. Мысалы: «Сапа жолдас *егін соғатын машине* деп келеді (15-інші бет). Қазақ егінді соқпайды, бастырады. Бұл арада «егін соққан» деген орыстың сөзінің тура тәржімесі ғой. Қазақтың егінін бұршақ соғады. Егін «бастыратын машине» болса да жөн болар еді. Сапа жолдас «буаз әйел» деп келеді (27-нші бет). Әйел екіқабат, сиыр, бие, түйе буаз болса қайтеді?» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 193).

Орыс тілінен сөзбе-сөз аударып, қазақ сөйлемінің қалпын бұзу қазіргі уақытта жаппай белең алып бара жатқан үрдіс. Теңтүпнұсқалықты сақтаймыз деп Ә. Бөкейхан айтқан «тура тәржіме» тұсауынан босай алмай, калька атаулар мен тіркестерден аяқ алып жүре алмайтын болды. Осы кемшілікті сонау ХХ ғасыр басында-ақ байқап, кітап жазушылар мен аудармашыларға ескерту айтып отырған Әлихан Бөкейхан пікірі қазір де өте өзекті. Алаш көсемінің рецензияларындағы аударма мәтінге қатысты сын-пікірлері, ескертпе, ұсыныстары, қазақша термин жасауда сүйенген ұстанымдары аудармашылар мен термин жасаушыларға, тіл мамандарына бүгін де ой салары сөзсіз. Олардың арасында аударматану мен терминжасам мәселелері бойынша ғылыми тұжырым жасап, бағдар белгілеу кезінде ескеретін өзектілігін жоғалтпаған құнды пікір өте мол.

Қыр баласы кезекті сын-пікірінің бірін М. Томскийдің «Ресейде кәсіпшілер қозғалысы» деген шағын кітап туралы жазады. Оны қазақшаға аударған Ешмағамедұлы. Кітапша 1925 жылы



«Қазақстан мемлекет баспасынан шыққан. Көлемі – 59 бет.

«Бұл кітаптың қазақшасы өзі түсінікті. Ешмағамбетұлы орысшадан аударуға шебер екен. Бірақ Томский жолдасқа еріп, кітап оның кітапшасын өз күйінде аударған да қойған. Кітапшада толып жатқан кесте сан, сифырлар бар. Бұлар бұтасыз далада, кітапсыз қырда өскен қазақтың көзін адастырып, кітапшаны оқуды қиындатуы мүмкін». «Орыс кітабын дәл өз күйінде аударып, онымен қазақтың қараңғы еңбекшісін таныстыра қоям деу дұрыс емес. Кітаптың дәлелін, пікірін пайдаға асырып, оқушының кім екенін естен шығармай отырып аударған жөн ғой» (Бөкейхан, 12-т., 2016: 115).

Пікір білдіруші кітаптың тіліне қатысты сын-ескертпе айтпайды, керісінше, «шебер аударды» деп, аудармашының біліктілігін атап көрсетеді. Жұртшылыққа тілі жатық, жақсы аударылған кітап деп таныстырады. Тек қазақ оқырманына бейімделіп, ықшамдалып аударылмағанын, жалаң есеп-санның келтіріле берілуі аударманың кемшілігі деп таниды.

Әлихан Бөкейхан профессор Гейкінің «Геология» және «Физикалық жағырафия» деп аталатын екі кітабының аудармасына да пікір жазады.

1. Жаңа кітап. Профессор Гейкі. Геология. Тәшкент, 1924. 225 бет. Қазақшаға аударған – Ғалымжанұлы Файзолла.

Қыр баласының Гейкі деп отырғаны – Эдинбург университетінің профессоры, белгілі шотланд ғалымы, геолог Гейки Арчибальд (1835-1924). Ол 1908 жылдан бастап Ресей Ғылым академиясының шетелдік құрметті мүшесі болған.

Кітапқа сын айтушы сөзін: «Жерді юнан-грек жұрты «гео» дейді, «логия»-сы білім дегені, сонымен геология – жер білімі болады» деп, «геология» терминінің мәнін ашып, мағынасын түсіндіруден, бұл атаудың «жер білімі» деген қазақша баламасын ұсынудан бастайды. Алдымен: «Бұл кітапшаның қазақшасы оқушыға түсінікті, беретін білімі артық. Бұл кітапшаны жақсылап оқып, ішіндегі оңай тәжірибесін өз қолымен істеп көрген жастар жерді әліпбидей оқиды, жер қызықты болып кетеді. Бұл кітапшаны қолға алып отырып, мұғалімдер балаларға сабақ берсе, тауды, даланы, жолды, өзенді кезіп жүріп, балаларды жермен таныстырып баулыса, бұл тәрбиені басынан өткерген жастар бәйгеге қосатын аттай білім бәйгесіне даярланады. Осылардан барып біздің қазақ білімпаздары шығады» – деп оның пайдасы мен артықшылықтарын атап көрсетеді (Бөкейхан, 11-т., 2016: 462).

Сөз басында Қыр баласы бұл еңбектің қажеттігін, қазақ баласына пайдалы екенін айтады одан әрі аудармашының сөз қолданысындағы және терминдерді аударудағы кемшіліктеріне тоқталады. Одан әрі сөзін: «Файзолла қазақшаға айналдыруға шебер екен, бірақ мынадай сүріншегі бар көрінеді» деп сөзін жалғайды. Сыншының сөз саптауынан да қазақылық иісі аңқиды. «Жерді ағаш үйдің еденімен салыстырған (8-бап), діңгекті *колонна* деп, ескерткіш тасты *памятник* орысшалап қойып, қазаққа ұқтырмақ болады (21-бап)» (Бөкейхан, 11-т., 2016: 462).

Байқасақ алаш көсемі кітаптарға жазған сындарында да әр сөйлемінің қазаққа ұғынықты, ұлттың ұғым-түсініктеріне сай болуын ойлаған. Бұл кітаптан білім-тәлім алған біздің жастар білім бәйгесіне «бәйгеге қосатын аттай» даярланады дейді. Одан әрі оның аудармашысы Файзолла Ғалымжанұлымен келіспейтін, сөз қолданысындағы кейбір олқылықтарын айтуынан да соны көреміз. «Файзолла қазақшаға айналдыруға шебер екен, бірақ мынадай сүріншегі бар көрінеді» – деп жазады. Алдыңғы сөйлемде «бәйге», «бәйгеге қосатын ат» десе, бұл сөйлемінде «сүріншек» сөзін қолданады. Осы пікіріндегі сөйлемдерін: «51-бапта *пудинг* деген. Бұл Гейкінің оқушысына түсінікті сөз. Бұл қазақша жаман, олақ қатын істеген ірімшік, кесегімен жүрген қоспа болады. Тастың қоспасына қойған ат» (Бөкейхан, 11-т., 2016: 463) – деп жазады. «Олақ қатын істеген ірімшік» сияқты «кесегімен жүрген қоспа» деген қолданыстар қазақ тұрмысын, дұрыс жасалмаған ірімшікті жақсы білетін әр қазақ баласына, әр оқырманға етене жақын, соншалықты түсінікті.

Әлихан Бөкейхан осы сын-пікірінде *колонна*, *памятник*, *цемент*, *кварц*, *шахта*, *пудинг*, *гипс* сөздерінің қолданысы, мағынасы мен қазақшаға аударылуы туралы өзінің дәлелді, нақты ұсыныстарын жазады. Мәселен, мынадай: «Біздің қазақ бор деп *танаторды* айтады. *Танатор* ащы татырдың ғана қабағында болады. Мен жазып отырған бор орыс тіліндегі гипс болады», «Бұл кварц – қазақтың *шақпағы*. Кварцты *шақпақ* десе қайтеді?», «Граниттің екінші қоспасы *полевой шпатты* Мұхтар «сахартас» деп, Файзолла «қыртас» деп отыр. Файзолланыкі жөн», «Шахтаны Мұхтар *ошақ* деп, Файзолла *шахта* деп отыр. Ошақты қазып кетсе, бұл құдық болмай ма? Кенге бармай ма? *Ор, орқаш, ошақтың* емшектесі емес пе? *Шахтер* деген мешан құлағына сүйкімді көрінеді. 203-ші бапта Файзолла өзі де жеңіліп қалып, шахтаны *ошақ* деп отыр». Алаш қайраткері осы «емшектес» сөзін «мағы-

налас» (өте жақын) деген мағынада қолданғаны байқалады.

Қашанда нақтылықты қалайтын, көпсөзділікті ұнатпайтын Қыр баласы реті келген жерде «Гейкі жолдас мылжың көрінеді» деп, кітап авторы шотланд профессорын да, «Файзолла бұл мылжындыққа да еріп кеткен» деп, оның еңбегін сол қалпында жеткізуге тырысқан аудармашыны да сынайды. Ешкімнің беделіне бас ұрып, атағына бас имейтін алаш көсемінің жазу мәнері, кесек мінезі осындай. Не ойлайды, не көрді, нені дұрыс немесе бұрыс деп есептейді сонысын әрқашан ашық айтады, жазады.

Рецензент тек кемшіліктерді көрсетіп, мін теруді көздемейді, сараптап, пікір жазып отырған еңбегінің жақсы жақтарын да әр кез атап айтады. Ісіне адал болу, объективтілік, ұстанымына беріктік оның бойындағы айнымас қасиеттері. Бұл сөзінде де ол сол мінезінен жаңылмай: «45-49, 53, 54-баптар әсем жазылған» деп аударманың ұтымды бөліктерін атап көрсетеді.

2. Профессор А. Гейкидің (Гейкі) Қыр баласы пікір білдірген екінші еңбегінің атауы – Физикалық жағырафия. Оны қазақшаға аударған – Абдолла Байтасұлы. Кітап 1924 жылы Ташкентте жарық көрген. Көлемі – 204 бет.

Кітапқа рецензия жазушы алдымен пән атауын түсіндіруден бастайды. Ол «физикалық жағырафия» пәнінің атын жалпы көпшілікке былай түсіндіреді: «Физика – грек сөзі. Еуропа бәрі сүндет ат қылып, «физиканы» мінген. Бізге де мінбеске болмайды. Гео – жер, графия – жазу. Екеуі қосақталып *жер жазуы* болады. Мұны сөзіміз бар біз алмасақ та болатын».

«Физика» атауын бүкіл Еуропа кеңінен қолданатындықтан біз де соны аудармай алғанымыз жөн деп санайды. Ал «география» атауының құрамын ажыратып, әр сыңарының мағынасын ашып, оны – «жер жазуы» деп қазақшаға аударып алған дұрыс болар еді дейді.

Аудармашы Абдолла Байтасұлының профессор А. Гейки кітабындағы мысалға келтірілген *стакан, тәрелке, зырылдауық* сөздерін өзге мысалмен алмастырмай сол күйінде алғанын қыр баласы кемшілік қатарына жатқызады. «Стаканның орнына қыстыгүні жылы үйге алып кіргенде терлеп қоя беретін балта, кетпен, үзеңгіні; зырылдауық орнына ұршықты; тәрелкенің орнына табақты алғанда, иірген тұрғышыл сақадай жазған сөзің оқушының ойына алшысынан тұра кетпей ме?» (Бөкейхан Ә. 12-т., 2016: 110) – деп жазады. Бұл пікірінде де ол қазақ баласына мысалды қазақ тұрмысынан келтіру қажет деген ұстанымынан айнымайды. *Кетпен, үзеңгі, ұршық*

сияқты әр қазақ баласына таныс заттар мысалға алынса, кітапты оқушының бөтенсінбей, жақын қабылдайтынын алға тартып отыр.

Абдолла Байтасұлы аударған физикалық географияға жазған сын пікірінде айтқан мына төмендегі пікірі оның аударма жасаудағы берік ұстанымы. Ол былай деп жазады: «Орыстың кітабын қазаққа деп өзгерткенде Крыловтың басына тымақ кигізген Ахметті ұмытпау керек» (Бөкейхан Ә. 12-т., 2016: 110).

Әлихан Бөкейхан өзгелерге Ахмет Байтұрсынұлын, оның өзге тілдегі шығармаларды қазақ тіліне аударуда басшылыққа алған ұстанымын үлгі етіп отыр. Алаштың ардақтылары Әлихан да, Ахан да аударма мәселесінде осы ұстанымдарына берік болды.

Қыр баласы пікір жазған кітаптар қатарында орышадан аударылған «Ана мен бала» атты шағын кітапша да бар. Бұл жинақ кітапша бірнеше адам аударған мақалалардан тұрады.

Әлихан Бөкейхан осы жинақтағы аударылған мақалалардағы терминдердің бірізді қолданысына, сөз қолданысына ерекше тоқталады. Мәселен, «Ана мен бала» кітабы туралы сын мақаласында былай деп жазады: «Бұл кітапты да басқарған кісі жоқ: бірі «доктур», бірі «доқтұр», бірі «доғдыр» деп келеді. Мұның бірін ғана алу керек қой. Бұл сөздердің орнына қазақ қолданған «дәрігер» бар. «Дәрігер» деп жазса, қазаққа түсінікті ғой» (Бөкейхан, 13-т., 2016: 252).

Бұл жерде ол бір атауды түрліше жазып, жарыспалыққа жол бермеу керектігін айтып отыр. Бір кітапта бір сөздің бірнеше нұсқасын қолданып оқырманды шатастырмай, бір нұсқаға тоқталу қажет екенін айтумен қатар ол кірме сөздің баламасы бола алатын атауды да ұсынады. Білімпаз сонау ХХ ғасыр басында-ақ жарыспалылыққа жол бермей, терминдерді біріздендіру жайын сөз етіп отыр.

Екінші мақала авторы Мәжит Шомбалұлын да қатаң сынға алады. Оның мақаласындағы: «Балдар үшін: жетім балдарды, тастанды балдарды бағу үшін бұрынғы замандағы жетімхана секілді үйлер бар» деген сөйлемін мысалға келтіре отырып: «Осы Мәжитің қазақ па екен? Көп жолдас болсам да, мына мақаласын оқып, қазақтығына күмәндандым. Өстіп те қазаққа үгіт жаза ма екен? Бұл не деген сұмдық? Хат білмеген соң, өзге білетін біреуге жаздырмайтын ба?» – деп жазады.

Жинақтағы үшінші мақала туралы ол былай деп жазады: «Рақияның мақаласында «консультация», «пунктир» со бойда жазылып кеткен. Бұлардың не екенін көп сөзбен баяндаған оң еді» (Бөкейхан, 13-т., 2016: 153).

Қыр баласы «көп сөзбен баяндаған оң еді», яғни осы сөздердің мағынасын ашып түсіндіріп, сипаттамасын жазғаны дұрыс еді дейді. Бұл жерде де ағартушы Әлихан қазақ қамын жеп, мағынасы түсініксіз кірме сөздердің мәні әр қазаққа түсінікті болу жағын ойлап отыр.

«Жаңа туған баланы қалай күту керек?» деген төртінші мақаладағы «порошок» сөзінің қолданысы туралы: «Аққағаз жазған «порошоктың» қазақша аты «талқан» болады» – деп жазады.

Бесінші мақала туралы: «Ана мен баланы қорғау жетілігі». Мұны жазған Сара. ...Тілі жақсы мақала осы дер едім. «Ауыл жеріндегі» «әлсіз күні» болмаса, әлді күн бола ма? «Ауыл жеріндегі» қазақша «ауылдағы» ғой» – деп жазады.

Қыр баласы мақаладағы басы артық, орынсыз қолданылған «ауыл жеріндегі» тіркесінің орынсыз екенін дәл байқап, сөйлемді ықшам әрі қазақ ұғымына сай жатық құру қажеттігін ескертіп отыр. Осы мақалада «жетілік» сөзі «ана мен баланы қорғау жетілігі» деген тіркес құрамында екі рет қолданылады. Екеуінде де қазіргі «апталық» орнына жұмсалады. Бұл дерек ХХ ғасыр басында қазіргі «апта» сөзімен қатар «жетілік» сөзінің де қолданыста болғанын көрсетеді. Қазір «апта» сөзімен қатар «бір жеті бойы», «осы жетіде» деген қолданыстар кездескенімен «жетілік» сөзі тілде ұшыраспайды. Ендеше бұл сөзді ХХ ғасыр басында қолданылған, сол кезеңге тән қолданыс деуге болады.

Әлихан Бөкейхан жоғарыда біз тоқталған еңбектерден өзге Тұрағұл Абайұлы қазақшаға аударған «Ұсақ жануарлар жұқпалы ауруды таратады» (Мәскеу, 1927), Иманбай немересі Рақым аударған «Қара шаруа әйелдеріне бесік үйі керек пе?», С.Е. Невзлиннің «Құрт ауруы» (Мәскеу, 1927. Аударған Біләл), «Өсімдік. Өсімдік өмірі» сияқты тағы да бірқатар еңбекке сын-пікір жазды, М.Жұмабайұлының «Сауатты бол!» атты еңбегі мен өзге де бірқатар кітаптар жөнінде нақты мәлімет беріп, оларды елге таныстырды.

Әлихан Бөкейхан тек орыс тілінен қазақшаға аударылған кітаптарға ғана емес қазақша жазылған кітаптарға сын-пікірлерін жазған. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытұлының 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Психология» оқулығы туралы былай деп жазады: *«Жүсіпбек кітабын шама келгенше жеңіл тілмен жазған. Мұндай кітапты жеңіл тілмен жазуға өте зор ұсталық керек. Оқушылар білімін толықтыруға кітаптың зор пайдасы бар»* (Қыр баласы. «Әйел теңдігі». 1927 жыл. № 10-11 (22-23), деп жоғары баға берген.

Қыр баласы Жүсіпбек кітабына бірде-бір сын-ескертпе айтпаған. Қайта оның жаңаша көз-

қараспен жазылған, тілі жеңіл, өте құнды еңбек екенін атап өтеді. Алаш оқымыстысының қазақша жазылған, орысшадан аударылған ғылыми еңбектер мен оқулықтардың тілін күрделендірмей, қалың жұртшылыққа барынша түсінікті етуге көп көңіл бөлгені бұл пікірінен де анық көрінеді.

### Қорытынды

Филолог ғалымдар арасында Ә. Бөкейхан «қазақ тіліне шорқақ, оның жазғандарының кемкетігін Ахаң түзетіп, мұртын басып отырған болуы керек» деген пікір айтушылар да болды. Бұл мүлде негізсіз, дерек-дәлелге сүйенілмей айтылған сөз. Ә.Бөкейханның өз қаламынан туындаған еңбектерімен, аудармаларымен мұқият танысып, филологиялық тұрғыдан сараптаған, стилі мен сөз қолдану ерекшелігіне, сөз байлығына мән берген зерттеушілер бұған анық көз жеткізе алады. Бар білімді орыс тілінде алғандықтан алаш көсемінің тілінде, сөз қолданысында, аудармаларында кейбір жекелеген кемшіліктер ұшырасып қалады. Ондай бірлі-жарым олқылықтар ең көрнекті классиктерде де кездесіп жатады. Ал жалпы алғанда Әлихан Бөкейхан қазақ тілін жетік меңгерген, жазу мәнері мен өзіндік стилі қалыптасқан, қолданған әр сөзінің мағынасына мән беретін білікті, талғампаз қалам иесі. Оны осы жоғарда тоқталып өткен қазақша кітаптарға жазған сындарынан да анық байқауға болады. Оның ойы жүйелі, сөзі тиянақты. Ешқашан қызыл сөзге, көпсөзділікке жол бермейді. Алыстан орағытып, шұбалаңқылыққа ұрынбай, айтарын нақты да айқын айтады. Тақырыптан ауытқымай, сөз болып отырған мәселеге қатысты негізгі дерек-дәйектерді келтіре отырып талдау жасайды, содан қорытынды шығарып, ой түйеді.

Қорыта келгенде Әлихан Бөкейханның кітапқа жазған сындарын саралай отырып, мынадай тұжырым жасауға болады. Алаш білімпазы қазақша кітаптарды рецензиялау кезінде бірнеше негізгі ұстанымды басшылыққа алып отырған. Олар мыналар:

1. Әлихан Бөкейхан баспа бетін көрген қазақ кітаптарын сын тезінен өткізіп, олардың сапасын жақсартуды және ұлт тілінде шыққан ғылыми, ғылыми-танымдық, оқулық, әдебиеттерді рецензиялау арқылы жаңа туындыларға сын айту, ғылыми, әдеби рецензиялау мәдениетінің орнығуына зор үлес қосты. Алаш білімпазының бұл істе жол бастап, үлгі көрсеткен ең алғашқылардың бірі екенін әрі қазақ тіліндегі әдебиеттерді ғылыми рецензиялаумен жүйелі түрде

айналысқан бірден-бір ғалым екенін негізге ала отырып, Ә. Бөкейханды қазақ топырағында рецензия жанрының таралып-қалыптасуына негіз қалаушы деуге болады.

2. Алаш зиялысы үшін кітапты оқырман қауымға, қалың қазаққа түсінікті етіп жазу, жатық аудару – басты міндет. Бұл мәселеде ол ең алдымен авторлар мен аудармашылардан халықтың дәстүрлі сөйлеу үлгісін, қалыптасқан тіл нормасын сақтауды, сөздерді орнымен қолданды талап етеді. Осы талаптар орындалмай жатса, онда кеткен кемшіліктерді әділ, ашық сын айту арқылы жоюды, кітап сапасын арттыруды мақсат тұтады. Білімпаз негізінен стиль, сөз қолданысы, терминдердің аудармасы, ұлт тілінде жасалған балама атаулардың сапасы мәселесін қаламына көбірек арқау еткен.

3. Қыр баласы орыс және өзге тілдерден аударғанда оның негізгі мазмұнын, басты тұжырымдарын, айтар тоқ етер ойларын теріп алып, оқырманға мейлінше ықшамдап беру қажет деп санайды. Ол түпнұсқа мәтінді сол қалпында өзгертпей беруден гөрі ұлт тіліне, қазақ танымына лайықтау, бейімдеп аудару жолын ұстанған ғалым. Өз сөзімен айтқанда «қазақ тымағы киілген», орыс тілінен қазақ тіліне аударылғанда қазаққа түсінікті болған кітапты ғана ол жақсы кітап деп таниды.

4. Ә. Бөкейхан аудармашы мамандарға аударма кітаптардағы мысалдарды ұлттың тұрмыс-тіршілік, өмір-салтына бейімдеп, қазақ өмірінен алынған мысалдармен алмастыру керек деген талап қояды. Ә. Бөкейхан бұл мәселеде – ұлт мүддесін, ұлттық танымды, ұлттық тәрбиені, қазаққа арналып жазылған кітабының қазаққа түсінікті болуын – түпнұсқаны, автор стилін сақтаудан жоғары қояды. Мәтін мазмұнын сақтай отырып бейімдеп аударуды жөн санап, сөзбе-сөз аударуды, әріпқойлықты үнемі сынап отырады. Аударматанудың бүгінгі талап деңгейінен қара-

ғандағы теңтүпнұсқалылық (аутенттілік), автор мәтінін бұрмаламау, қысқартпау, арасына бөтен сөз қоспау мәселелеріне ол басқа қырынан, ұлтқа қажеттілігі, өтімділігі, тиімділігі, ықшамдылығы тұрғысынан қарайды. Бұл – алаш білімпазының аударма мәселесіне қатысты басты ерекшеліктерінің бірі.

5. Қазақ кітаптарының сауатты, қатесіз және сапалы басылуын, оқырманға қолжетімді болуын жолға қою да қайраткер оқымыстының қолға алып, назарынан тыс қалдырмай үнемі қадағалап отырған ісінің бірі. Шыққан әр кітаптың бағасы мен көлеміне, қағазының сапасы мен қаріп түріне, безендірілуі мен таралымына дейін атап көрсетіп отыруы – оның бұл мәселелерге үлкен мән беріп, арнайы көңіл аударғанын айғақтайды.

6. Алаш оқымыстысы кітаптарды ғылыми рецензиялау кезінде олардың кемшін тұстарын ғана көрсетіп қоймай, оқырманға пайдалы жағын, не үшін қажет екенін де түсіндіріп, қазақ кітаптарын көпшілікке кеңінен таныстырып, оларды насихаттап отыруды да көздеген.

7. Ірі саясаткер, мемлекет, ұлт қайраткері, идеолог әрі ағартушы ретінде Ә.Бөкейхан кітапты тек білім беру құралы ғана емес, ұлтты отаншылдық рухта тәрбиелеудің, қазақы танымды қалыптастырудың да қуатты құралы деп біледі. Сондықтан да қазақша шыққан әр кітаптың мазмұны мен мәтінінде берілген мысалдардың елді, аймақты, туған жерді, қазақы тұрмыс пен салт-дәстүрді, ұлт болмысын танытуға, оны насихаттауға қызмет етуіне айрықша мән береді.

8. Ә. Бөкейхан рецензияларын түріне қарай саралағанда әдеби сын тұрғысынан жазылған әдеби рецензия және негізінен аударма сапасын, аударманың ұлт тіліне бейімделуін, баяндау стилін, сөз қолдану дұрыстығын лингвистикалық тұрғыдан талдай отырып жазылған ғылыми рецензия деп тануға болады.

#### Әдебиеттер

- Бөкейхан Ә. // Абай, № 8, 1918.
- Бөкейхан Ә. Бөкейхан Әлихан шығармалары, 11-т. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 570 б.
- Бөкейхан Ә. Бөкейхан Әлихан шығармалары, 12 том. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 568 б.
- Бөкейхан А. Бөкейхан Әлихан шығармалары, 13-том. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 608 б.
- Михайленко Т. Научное рецензирование как главная составляющая научно-издательской деятельности // Вестник Российской таможенной академии, № 1, 2019, с 137.
- Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков, Т. III. – Москва: Наука, 1980. – 395 с.
- Словарь иностранных слов. – Москва: Русский язык, 1982. – 608 с.
- Тертычный А. Жанры периодической печати. – Москва: Аспект Пресс, 2017. – 320 с.
- Юдахин К. Киргизско-русский словарь, Т. I-II. – Фрунзе, 1985.



Auanasova A., Nurpeisov E., et al. The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts. *Ancient Asia*, 2021. 12: 14, pp. 1–8.

Khassanayeva L., Duisembayeva N. Alikhan Bukeikhanov – The Idea of National Statehood. *Social Sciences*, 2022, 11(2): 69-77.

Kumganbayev Zh., Kudaibergenova N. Kazakh intelligentsia's struggle for independence in the early XXth Century. *Procedia – Social and Behavioral Sciences* 89 (2013), 617-621.

Sailaukyzy A, Sak K, Lebedeva T. The Role of Alikhan Bukeikhan's Journalistic Activity in Publicism of Alash. *Global Media Journal*. 2016, 14:27, pp. 1-4.

Saktaganova Z., Omarova B., et al. The Alash Party: Historiography of the Movement. *Space and Culture, India* 2020, 7:4, Page 208.

Sarmanova, S., Kozybayeva M., Maslov K. Alikhan Bukeikhan and the development of the ethnic identity of the Kazakhs. «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 3 (31) 2022, pp. 249-256.

### References

Bokeikhan A. (1918). Abai, № 8. (in Kazakh)

Bokeihan A. (2016). Bokeihan Alihan. *Shygarmalary*, 11-t. [Works Of Bukeikhan Alikhan, 11 Vol.]. Saryarka. Astana. 570 p. (in Kazakh).

Bokeihan A. (2016). Bokeihan Alihan. *Shygarmalary*, 12-t. [Works Of Bukeikhan Alikhan, Vol. 12]. Saryarka. Astana. 568 p. (in Kazakh).

Bokeihan A. (2016). Bokeihan Alihan. *Shygarmalary*, 13-t. [Works Of Bukeikhan Alikhan, Vol. 13]. Saryarka. Astana. 608 p. (in Kazakh).

Mikhailenko T. (2019). Nauchnoe retsenzirovaniye kak glavnyaya sostavlyayushaya // *Vestnik tamozhennoi akademii*, 1, p. 137. (in Russian).

Sevortyan E. (1980). *Etimologicheskiy slovar' tyurkskih yazykov* [Etymological dictionary of Turkic languages], p. III. Nauka. Moskva., p. 395.

*Slovar' inostrannykh slov* (1982). [Dictionary of Foreign Words]. Ruskiiy yazyk. Moskva. P. 608.

Tertychnyi A. (2017). *Zhanry periodicheskoi pechati* [Genres of periodicals]. Aspekt Press. Moskva. P. 320.

Yudahin K. (1985). *Kirgizsko Russkiy slovar'* [Kyrgyz – Russian dictionary], P. I-II. Nauka. Frunze.

Auanasova A., Nurpeisov E., et al. The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts. *Ancient Asia*, 2021. 12: 14, pp. 1–8.

Khassanayeva L., Duisembayeva N. Alikhan Bukeikhanov – The Idea of National Statehood. *Social Sciences*, 2022, 11(2): 69-77.

Kumganbayev Zh., Kudaibergenova N. Kazakh intelligentsia's struggle for independence in the early XXth Century. *Procedia – Social and Behavioral Sciences* 89 (2013), 617-621.

Sailaukyzy A, Sak K, Lebedeva T. The Role of Alikhan Bukeikhan's Journalistic Activity in Publicism of Alash. *Global Media Journal*. 2016, 14:27, pp. 1-4.

Saktaganova Z., Omarova B., et al. The Alash Party: Historiography of the Movement. *Space and Culture, India* 2020, 7:4, Page 208.

Sarmanova, S., Kozybayeva M., Maslov K. Alikhan Bukeikhan and the development of the ethnic identity of the Kazakhs. «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 3 (31) 2022, pp. 249-256.